

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«23» декабря 2016 года

### Алматыда «БЖЗК» АҚ филиал директорларының қатысуымен жыл сайынғы семинар-жиналыс өтті

2016 жылғы 22-23 желтоқсанда Алматыда «БЖЗК» АҚ филиал директорларының қатысуымен семинар-жиналыс өтті. Ондағы басты мақсат 2016 жылға Қор филиалдары қызметінің қорытындысын шығару және 2017 жылы оларды дамытудың негізгі бағыттарын анықтау болды.

«БЖЗК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары Дабыр Медетбеков өзінің кіріспе сөзінде өңірлік желіні – БЖЗК-ның өзегі, Қор алдында тұрған міндеттер мен сын-тегеуріндерді енгізудің қозғаушы күші екенін ерекше атап өтті.

Ол: «Өңірлік желі алдына қойылған міндеттер мен бүгінгі уақыт талаптарына сай дамуы тиіс. Біз электрондық қызметті дамытуға, қызмет көрсету арналарын кеңейтуге, қызмет көрсетудің заманауи әдісіне көшуге, салымшыларға Қормен өзара қарым-қатынас орнатудың түрлі жолдарын таңдау мүмкіндігін беруге барынша күш салып жатырмыз», - деп айтып өтті.

БЖЗК халықты кеңінен қамту және оларды зейнетақы жүйесіне тартуды, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында зейнетақы қызметтерінің сапасын және қолжетімді болуын қамтамасыз етуді жалғастыра бермек.

Бұл үшін Қор 2017-2020 жылдарға арналған өңірлік желіні дамытудың жол картасын әзірледі, оның аясында Қазақстан үшін алдыңғы қатарлы технологияларды және жинақтаушы зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, салымшылармен (алушылармен) жұмыс жасаудың жаңа тәсілдері әзірленіп, қолданысқа енгізілетін болады. Бұл өз кезегінде азаматтардың қаржылық жауапкершілігін арттыруға, еліміздің тұрғындарын жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтуды кеңейтуге мүмкіндік береді, яғни бұл - зейнеттегі азаматтарымыздың тұрмыс жағдайы мен әл-ауқаты жақсарады деген сөз.

Жол картасы аясында Қор көрсететін қызметтердің қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін «БЖЗК» АҚ-ның мобильдік кеңсесін, яғни азаматтарға барып қызмет көрсететін, көп қызметті көшпелі орталықты ендіру жоспарланып отыр.

Мобильдік кеңсе – нақты уақыт түзімінде зейнетақы қызметтерін көрсетуге қажетті барлық құрал-жабдықтармен жабдықталған, жылжымалы қызмет көрсету кеңсесіне айналған шағын автобус. Мобильдік кеңсе айтарлықтай себептерге, атап айтқанда шалғайдағы елді мекендерде өмір сүруге, физикалық тұрғыдан шектеулерге (мүгедектік, режимдік/ерекше күзетілетін нысандарда болу) байланысты «БЖЗК» АҚ-ның Дербес қызмет көрсету орталықтарына бару қиынға соғатын Қор тұтынушыларына қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл жобаны іске асырудың жоспарланған мерзімі – 2017 жыл.

Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін (егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектер) зейнетақы қызметтерін алу қолжетімді болуын қамтамасыз ету мақсатында қосымша барлық қажетті жағдайлар жасалуда. Мысалы «БЖЗК» АҚ-ның [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) корпоративтік сайтында барып қызмет көрсету үшін өтінімдерді қабылдау қызметі бар. Сондай-ақ қызметтер алу үшін берілетін өтінімді байланыс орталығының 1418 телефоны арқылы тіркеуге болады. Өтінім бергеннен кейін Қор қызметкерлері салымшымен хабарласып, қызметті алуға қажетті құжаттар тізбесін ұсынады және Қор қызметкерлері баруы үшін салымшыларға ыңғайлы уақытты келіседі.

Халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен өз құқықтары және міндеттері туралы хабардар болуын арттыруға бағытталған электрондық қызметтерді жақсарту шеңберінде интерактивті ақпараттық дүңгіршектерді ендіру жоспарлануда. Дүңгіршектер арқылы БЖЗҚ-ның қызмет көрсету кеңсесіне келуші азаматтардың кез-келгені негізгі электрондық қызметтермен танысып, интернет үзінді-көшірмені басып шығара алады немесе өзінің электрондық поштасына жібереді, сондай-ақ өзін қызықтырған сұрақтарға да жауап алады. Оған қоса ақпараттық дүңгіршектер арқылы өзінің болашақ зейнетақысын басқару мен мөлшерін ұлғайту туралы пайдалы кеңестер де алатын болады. Дүңгіршек интерфейсі мемлекеттік тілде және орыс тілінде қызмет көрсетеді.

***БЖЗҚ** 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. «БЖЗҚ» АҚ мемлекеттік акциялар пакеті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлікпен басқаруында. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңсесіне берілді.*

*Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы  
БАҚ үшін байланыстар: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)